

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 970 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 ақпандағы N 167 қаулысы. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1116 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 970 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 29, 323-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ "салааралық" деген сөзден кейін және өңіраралық" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

9-тармақ мынадай мазмұндағы 6-5) тармақшамен толықтырылсын:

"6-5) бағдарламалар бойынша уәкілетті органның функцияларын жүзеге а с ы р у ; " ;

1 0 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы 7-2), 7-3), 7-4), 7-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-2) мемлекеттік, салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу бойынша мемлекеттік органдардың қызметіне әдіснамалық басшылық ж а с а у ;

7-3) Қазақстан Республикасында қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесін қалыптастыру және одан ә р і ж ү р г і з у ;

7-4) мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың орындалуын жалпы бақылауды жүзеге асыру;

7-5) мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды іске асырудың тиімділігін (нәтижелілігін) бағалауды жүргізу;"

10-тармақтың 21) тармақшасындағы "қарыз алу лимиттерін, сондай-ақ" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды одан әрі іске асырудың орындылығы туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге;" ;

4) тармақшадағы "орталық және жергілікті атқарушы органдардан" деген сөздер "мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен жеке тұлғалардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі